

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 7 «б» сыныбында тәрбие жұмысының жоспары бойынша жыл бойы жүргізілген жұмыстары жөнінде талдау

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 7 «б» класы 2021-2022 оқу жылын 20 оқушымен бастады. Олардың 13-і ер, 7-еуі қыз бала. Оқу жылының басында кластың әлеуметтік төлқұжаты, оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерттелді. Класта ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар жоқ. Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасыдан шыққан бірнеше оқушы бар. (Жалғасова Жанасыл Болатбекқызы, Жақсылықов Нұрғали Еркінбекұлы, Мысағалиев Ерхан Айбекұлы, Сағынғали Айбану Тұрашқызы, Орынбасар Шыңғыс). Қыркүйек айының басында «Мектепке жол» акциясымен осы оқушыларға мектеп құралдары, спорттық киімдер берілді және ыстық тамақпен де қамтамасыз етілген.

Оқу жылы басында оқушылар мектепішілік, Балалар спорт мектебі, шығармашылық орталық, Б.Тәжібаев атындағы балалар музыка мектебі, «Темірқазық» аула клубындағы ұйірмелерге тіркеліп, қыркүйек айынан бастап қатысты.

Жылдың басында жылдық тәрбие жұмысының жоспары құрылып, қыркүйек, қазан айларында аталған жоспарға сәйкес тәрбие сағаттары өз уақытында өткізіліп отырылды. Қыркүйек айында жылдық жоспарға сай «Тәуелсіздік жетістіктері», «Өз тілің - бірлік үшін, Өзге тілің - тірлік үшін», «Отбасым-бақыт мекенім», «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасымен таныстыру», «Дені сау ұлт – дені сау мемлекет» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Қазан айындағы тәрбие сағаттары жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Класс оқушыларының I тоқсан бойынша жетістіктеріне тоқталып өтетін болсақ:

7 класс оқушылары арасында өткен мектепішілік «Математиктер сайысында» **Қуаныш Әли II орын;**

1-7 клас оқушылары арасында Республикалық «Зерде» шығармашылық жобалар мен зертеу жұмыстары конкурсының облыстық кезеңінде химия, биология секциясы бойынша **Сәти Жанерке Мақтау қағаз;**

Мектепішілік дене шынықтыру апталығына белсене қатысып, қыздар арасындағы «Жас турист» құзға өрмелеу жарысында **Султанова Нурсая III орын;**

Мектепішілік дене шынықтыру апталығына белсене қатысып, ер балалар арасындағы «Жас турист» құзға өрмелеу жарысында **Орынбасар Шыңғыс II орын;**

«Байғанин балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің» еркін күрестен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Қ.Мұңайтпасовтың 150 жылдығына арналған спорт мектебі біріншілігінде **Самбаев Тәңірберген II орын;**

Қараша айында жылдық жоспарға сай «Теңге –Қазақстанның ұлттық белгісі» (тәрбие сағаты), «Бата – ұлттық тәлім – тәрбие бастауы» (Танымдық сабақ), «Ақша және ата-ана

еңбегі» (Пікіралмасу), «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны» (Пікірталас) тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып өткізілді. Желтоқсан айындағы тәрбие сағаттары да жоспарға сәйкес жүзеге асырылды.

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 7 «б» класы ІІІ оқу тоқсанын 19 оқушымен бастады. Олардың 13-і ер, 6-уы қыз бала. 1 оқушы жеке себептерімен басқа мектепке ауысты.

Қаңтар, ақпан және наурыз айларында жылдық жоспарға сай «Қиындықтан қашпа, сабырлық сақта!» (Психологпен әңгіме - сұхбат), «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» (Экологиялық сайыс), Интернет пен әлеуметтік желідегі оқушы рөлі:әлеуметтік желі «азық па», «азап па?» (Пікірталас), «Ұшқырой мен шешентіл» (Зияткерлік ойын), «Алуан – алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!» Орман – планетаның өкпесі, «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім – Бауыржан Момышұлы» (Танымдық сабақ), «Өз - Наурыз - ұлттық сананың, ұлттық бірліктің жарқын көрінісі» (Танымдық сабақ), 1-наурыз-Алғыс айту күні «Парыз екен бәріне айту алғыс», «Батыр аналар – ел мақтанышы» (Өнеге сабағы) тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып өткізілді.

Ақтөбе облыстық білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің 7-8 сынып оқушылары арасында өткен Ұлттық мектеп лигасының тоғызқұмалақ сайысында

Мерғалиева Инжу 3 орын;

Болат Сәрсенбайұлын еске алу құрметіне арналған аудандық «Математикалық регата» сайысында **Қуаныш Әли ІІ орын;**

Жақсылықов Нұрғали мен Мырзашов Дидар Байғанин аудандық мәдениет үйі жанындағы балалар үйірмесінің «Ауылдың балалары» ансамблі Шымкент қаласында өткен халықаралық балалар өнер байқауында жүлделі **І орын;**

ІV оқу тоқсанында да бекітілген тәрбие сағаттары уақытында өткізілді. «Қарттар – тарих қазына, ел қазығы», «Үнемшілдік – ырыс, ысырапшылық - шығыс», Ескерткіштер мен тарихи орындардың халықаралық күні «Ескерткіштер – ел тарихы», «Намыс - дода» (Спорттық сайыс), «Отбасы - адам тұлғасының бесігі», «Ұлы Жеңіс-ұрпаққа аманат», «Теріс діни ағымдардан сақтан!» тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып өткізілді.

Қазақстандағы «Балалар жылы» мен М.Байғаниннің 85 жылдығына арналған «Үкілі домбыра» атты облыстық күйшілер байқауы **Мырзашов Дидар ІІ дәрежелі диплом;**

Дина Нұрпейісованың 160 жылдығына арналған қазақ музыка әдебиетінен музыкалық-теориялық пәндер бойынша балалар музыка және балалар өнер мектептерінің оқушылары арасында өткізілген облыстық олимпиада **Мырзашов Дидар ІІ орын;**

2021-2022 оқу жылында ата-анамен жұмыс барысында 3 жиналыс өткізілді. 1 жиналыс онлайн түрде , 2 жиналыс мектепте өткізілді. Жиналыста оқушылардың тәртібі, үлгерімі қаралды. Жиналысқа онлайн түрде барлық ата-аналар, мектепте өткен жиналысқа 12 және

10 ата-ана қатысты. Жиналыста оқушылардың табеліне қол қойдырылды. Алдағы уақытта қорытынды ата-аналар жиналысы жоспарланып отыр, жоспарға сәйкес өткізіледі.


Жалпы класс оқушылары сыныптан тыс шараларға қатысуда белсенділік танытады. Алдағы уақытта тәрбие жоспарына сәйкес бірнеше жұмыстар әлі жүргізіледі және оларды класс жетекшінің басшылығымен өз мәнінде өткізуге белсене атсалысады.

Кластың жалпы білім сапасы – 53%. Биылғы оқу жылын 4 үздік, 6 екпіндімен аяқталды.

Үздіктер: Қуаныш Әли, Мерғали Нургиса, Сәти Жанерке, Султанова Жансая.

Екпінділер: Еркінова Фариза, Жаксылықов Нұрғали, Мерғалиева Инжу, Мырзашов Дидар, Нұраш Нұрхан, Самбаев Тәңірберген.

Класс жетекшісі



И.С.Кушпанова